



Автор: dusipova kunipa aipovna

Пән: География

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Гидросфера

Тақырып: Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің гидрологиялық режимі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді 8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы: өзен жүйесі, өзен бөліктері мен өзеннің қоректену типтері, өзеннің маңызын жергілікті жермен байланыстыра отырып, түсіндіріп бере алады. Оқушылардың көпшілігі: таулы және жазық өзен аңғарларына талдау жасай алады, өзендерге, оның келіп шығуы, құрылымына сипаттама бере отырып, оның бүкіл табиғи орталықтағы және адамзат өміріндегі жалпы тіршілік үшін маңызын түсіндіре алады. Оқушылардың кейбірі: Жергілікті жердегі өзен аңғарларының халық шаруашылығындағы маңызына баға бере алады.
Тілдік мақсаттар:	Лексика: оқушылар ауызша және жазбаша коммуникация жинағының болуына байланысты логикалық тізбекпен өздерінің ойларын жеткізе алады. Терминнология: эрозия, эстуарий, терраса арна, жайылма, лиман, өзеннің режимі. Оқылым: оқулық мәтіні, карталар, тапсырмалар Айтылым: сұрақтарға жауап беру, диалогтік қарым-қатынас, жұппен жұмыс. Жазылым: өзен аңғарының құрылысын анықтайтын терминдерді жазу, тақырып бойынша сөздікпен жұмыстарды орындау. Тыңдалым: бір-бірлерінің пікірлерін тыңдау.
Күтілетін нәтиже:	Өзен аңғарының құрылысын түсіндіре алады.
Бағалау критерийлері:	- оқу мақсаттарын біліп, түсінуі; - тиімді кері байланыс орнатуы; - үйрену үдерісіне белсенді түрде қатысуы; - бағалау критерийлерін біліп, түсінуі; - бойында өз жұмыстарын талдау (рефлексия) мүмкіндігі мен құзыреттіліктерінің болуы; - алған білімдерін күнделікті өмірімен ұштастыра алады;
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сыни тұрғыда ойлау, топтық, жұптық жұмыс, білім алудағы жаңа тәсілдер, АКТ элементтерін қолдану, бағалау
Пәнаралық байланыс:	Математика, биология, химия, информатика.
Бастапқы білім:	Минералды бұлақтар, емдік-шіпалық сауықтыру орталықтары.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (Ұйымдастыру кезеңі 2 мин)	Тренинг. «Бір сөзбен» бүгінгі күнге тілектер мен жылы лебіздер Топқа бөлу; (сандарға сәйкес 1,2,3,4)	Жағымды психологиялық жағдай туғызу. Оқушылар топқа бөліну.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28минут)	Оқушылардың зейінін тақырыпқа аудару мақсатында бейнероликтер көрсетіледі. Картамен жұмыс 1. Картадан ірі өзендерді тауып, аттарын жазады. 2. Өзендерді кескін картаға түсіру. 3. Өзендер туралы мақал- мәтелдер айту. 4. А.И.Воейков не себептен «Өзендер- климаттың өнімі» деп айтқан? Бұны қалай түсінесіңдер? Дескриптор Картадан ірі өзендерді тауып, аттарын анықтай алады Кескін картаға өзендерді түсіре алады Өзендер туралы мақал- мәтелдерді анықтай алады «Өзендер – климаттың өнімі» туралы түсінік бере алады. 1-тапсырма. Өзендер туралы ассоциация құрастырыңдар (жұптық жұмыс). 2-тапсырма. Төменде берілген сызбадан өзен жүйесі элементтерін анықтап, дәптерге жазыңдар. (электрондық оқулық) Өзеннің бастауы - Сағасы - оң жақ – сол жақ Өзеннің сағасы - Дескриптор Өзендер жүйесін анықтай алады Өзендер жүйесін сызбалар арқылы көрсетеді 3-тапсырма. Оқулықта берілген «Өзен аңғарының құрылысы» атты суретке талдау жасаңдар (жеке жұмыс) арна, беткей, терраса туралы ұғым қалыптастыру, ерекшеліктерін білу. Дескриптор Өзен аңғарының құрылысын анықтай алады Өзен аңғарына талдау жасай алады 4-тапсырма.Таулы және жазық өзен аңғарларының ерекшеліктері туралы сызбанұсқаны толтырыңдар (топтық жұмыс). Дескриптор Таулы және жазық өзендер аңғарларының ерекшеліктерін анықтай алады Аңғарларға талдау жасай алады 5- тапсырма. Жер шарындағы ірі өзендердің қоректену типі бойынша кесте құрастырыңдар. Қоректену типі Конго Обь Амазонка Миссисипи Қармен Жаңбырмен Мұздықпен Дескриптор Өзендердің қоректену типін ажырата алады Өзендердің қоректенуін салыстыра алады 6-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Колорадо мен Шарын каньондарына таныстырылым дайындау. Өзендер аңғарының типін анықтау, табиғатындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау. Дескриптор Шатқалдардың ұқсастықтарын ажырата алады Шатқалдардың айырмашылықтарын анықтай алады	Оқушылар атлас картаны пайдаланып, мұғалімнің сұрақтарына топпен жауап береді. Өзен сөзіне ассоциограмма құрастырады, өз ойларын бөліседі, жұппен талқылайды. Өзен туралы алған білімдерін еске түсіреді. Өзен жүйесі элементтері,бастау, басты өзен, сол жақ және оң жақ салалар, арна, саға ұғымдарымен жұмыс жасайды. Өзен аңғары құрылысымен танысады. Оқулық мәтінін және қосымша деректерді пайдаланып, таулы және жазық өзен аңғарына тән өзгешеліктерді сипаттайды. Тақырыптық картаны және қосымша ақпаратты пайдаланып, өзендердің қоректену түрлерін анықтап, кестені толтырады. Екі шатқалдардың құрылысы, пайда болуы, табиғаты бойынша салыстырады.
Сабақтың соңы (5)	Оқушылар тарапынан кеткен оқылықтар болса, түзету жасайды. Сабақта алған білімдері мен әсерлері негізінде кері байланысты жүзеге асырауға болады. «Шеңбердегі доп». Оқушылар шеңберлене отырып,бір- біріне кішкене допты лақтырады. Доп қолына тиген оқушы сабақ туралы бір сөйлем айтады.	Топ немесе жұп бір- бірінің жасаған жұмыстарын саралап,қандай нәтижеге жеткендерін айтып береді
Рефлексия (5)	Рефлексия: - мен сабақта жақсы жұмыс жасадым, барлығы түсінікті болды - мен тапсырманы басқа оқушының көмегімен орындай аламын - сабақ мен үшін қиын болды.	стикер